**Білім беру бағдарламасының паспорты**

| | |
|---|---|
| **Білім беру саласының коды мен жіктелуі** | 6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат |
| **Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі** | 6B031 Әлеуметтік ғылымдар |
| **Білім беру бағдарламасының коды мен атауы** | 6B03101 Психология |
| **Білім беру бағдарламасының бірегейлігі** | Білім беру бағдарламасының бірегей бәсекелестік артықшылықтары:<br>1.Өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейлерде практикалық психология саласында кәсіби дағдыларды қалыптастыру процестері іске асырылатын жоғары білім беру саласында қолданылады;<br>2. Білім алушылардың кәсіби тәжірибеден өтуге, "Зияткер" ғылыми-білім беру орталығы базасында волонтерлік қызметті жүзеге асыруға бірегей мүмкіндігі бар ;<br>3. Жоғары кәсіби профессор-оқытушылар құрамы<br>4. Ғылыми жобаларға, халықаралық бағдарламаларға қатысу арқылы зерттеу құзыреттерін дамыту мүмкіндігі. |
| **Білім беру бағдараламасы аясында дайындық профилінің картасы** | |
| **БББ мақсаты** | Жаһандану жағдайында кәсіби міндеттерді шеше алатын және жеке адамның немесе адамдар тобының ерекшеліктерін, олардың қызмет салаларын ескере отырып, психологиялық қиын жағдайларға қатысты шешімдер қабылдай алатын, оның кәсіби функцияларын реттейтін этикалық және құқықтық стандарттарды қолдана алатын практикалық психология саласындағы маманды даярлау. |
| **БББ міндеттері** | 1. Ғылымның философиялық, тарихи, әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық негіздерін, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру негізінде кешенді интегралдық ғылыми білімді, құндылықтық бағдарларды, коммуникативтік, өзін-өзі ұйымдастыру, рефлексия жасайтын тұлғалық қасиеттерін дамыту;<br>2. Әлеуметтік тапсырысқа, еңбек нарығының талаптарына, білім берудің әлемдік және ұлттық стандарттарына сәйкес болашақ психологтардың сапалы кәсіби дайындығын қамтамасыз ету;<br>3. Диагностикалық-консультациялық, түзету, ұйымдастыру-басқару, мәдени-ағарту қызметі және коучинг технологиялары, сондай-ақ сандық сауаттылықты арттыру саласында кәсіби құзыреттілікті дамыту. |
| **БББ оқыту нәтижелері** | Білім беру бағдарламасын аяқталғаннан кейін түлек қабілетті болады:<br>**ОН1**– философиялық және тарихи білімдерге, сонымен қатар тұлғаның психикалық және физикалық ерекшеліктері, өзін-өзі жетілдіру, тұлғалық өсу және өзін-өзі тану жолдары туралы білімдерге негізделген жалпы адамзаттық, мәдени және әлеуметтік-жеке құндылықтарды сипаттайды;<br>**ОН2** – кәсіби және өзге де міндеттерді шешуде құқықтық |

| | |
|---|---|
| | мәдениетті, жоғары саналы тәртіпті, толеранттылық пен парасаттылықты көрсетуде адамның физикалық дамуы мен тіршілік қауіпсіздігі туралы, сонымен қатар экономикалық, экологиялық, құқықтық білімді аңықтап түсіндіреді;<br>**ОН$_3$** – эвристикалық ықпалдарды, әдістер мен ғылыми зерттеу логикасын және әртүрлі таңбалық жүйелерді қолдану арқылы әртүрлі күрделіліктегі міндеттерді шешеді;<br>**ОН$_4$** – тәжірибеге зерттеу нәтижелерін енгізу және ғылыми мәтінді рәсімдеу үшін эксперименталды көрсеткіштерді интерпритациялау және бағалау, экспериментті жоспарлау және өткізу, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістер және тәсілдерін қолданады;<br>**ОН$_5$** – тұлғаның физиологиялық, жас және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, психикалық процестердің негізгі механизмдері мен заңдылықтары, қасиеттері мен күйлері, дамуындағы бұзылуларды анықтау принциптері туралы білімді қолданады;<br>**ОН$_6$** – ұйымдастырушылық-басқарушылық, коррекциялық, диагностикалық-кеңесберушілік қызметте одан әрі пайдалану мақсатында адам мен қоғамның өзара іс-әрекетінің негізгі проблемалары және психологиялық құбылыстар туралы ақпаратты жіктейді;<br>**ОН$_7$**– әртүрлі психологиялық күрделі жағдайларда, соның ішінде стандартты емес жағдайларда баламалы шешімдерді талдайды;<br>**ОН$_8$** – әртүрлі жағдайларда сүйемелдеу субъектісін одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған әртүрлі қызмет түрлерін (оқу-тәрбие, еңбек, басқару, құқық қолдану және т. б.) психологиялық сүйемелдеу процесін ұйымдастырады;<br>**ОН$_9$** – бір немесе клиенттер тобының қызметінің тиімділігін жақсартуға, мақсаттарға қол жеткізуге және мәселелерді шешу кезінде белсенділік үшін жағдай жасайды;<br>**ОН$_{10}$** –- әртүрлі жас, кәсіби, гендерлік топтардың өкілдеріне қатысты диагностикалық - кеңес беру – түзету-дамыту қызметінің технологияларын бағалайды;<br>**ОН$_{11}$**– танымдық, эмоционалды-ерікті әрекеттерді ынталандыру, жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, психикалық және коммуникативтік процестерді дамытудың бағдарламаларын және әдістерін жоспарлайды;<br>**ОН$_{12}$** – өз пікірінің ұжымның пікірімен сәйкестендіру арқылы бір шешімге келу, адамға құндылық ретінде қарау басқа адамды түсінуге және қабылдауға деген қабілетті білдіреді; |
| **Түлектің біліктілік сипаттамасы** | |
| **Берілетін дәреже** | 6В03101 Психология білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры |
| **Маман лауазымдарының тізімі** | - білім саласындағы психолог, психолог;<br>- заң саласындағы психолог, инспектор-психолог;<br>- денсаулық сақтау ұйымдарындағы психолог;<br>- бизнес-құрылымдарда психолог;<br>- қызметкерлерді басқару жөніндегі маман;<br>- HR-менеджер, адамдармен, ұжыммен, топтармен, |

| | |
|---|---|
| | командалармен өзара әрекетпен байланысты лауазымдық позициялар; |
| **Кәсіби қызмет объектісі** | - Қазіргі заманғы бизнес құрылымдар;<br>-банктер;<br>- консалтингтік агенттіктер;<br>- әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу орталықтары;<br>- психологиялық түзету және психотерапия орталықтары;<br>- әлеуметтік-құқықтық және күштік мемлекеттік құрылымдар, пенитенциарлық мекемелер мен әскери ұйымдар;<br>- білім беру және денсаулық сақтау саласындағы ұйымдар, біліктілікті арттыру мен дамыту орталықтары т.б |